

Бірлескен кәсіпорындардың қызметін тәртіпке келтіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 19 қараша N 520-ө

Мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктері құрылтайшы болған бірлескен кәсіпорындардың қызметін тәртіпке келтіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен, мұдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп үш ай мерзімде мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктері құрған бірлескен кәсіпорындардың жарғылық қорындағы мемлекеттің үлесін айқындастын.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша аталған бірлескен кәсіпорындардың тізілімін жасасын.

2. Бірлескен кәсіпорындардағы мемлекеттік үлеске иелік ету құқығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне қалдырылады деп айқындалсын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

Премьер-Министр